**2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімиятының 2009 жылғы 8 мамырдағы N 102 Қаулысы. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 9 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 75 болып енгізілді

*РҚАО ескертпесі.*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына сәйкес және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесі» негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы ұйымдардың тізбелері 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, аудандық бюджет есебінен қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері бекітілсін және қоғамдық жұмыстарға сұраныспен ұсыныс 2-қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. «Сарысу ауданы әкимиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Б. Мәдікенов*

*«КЕЛІСІЛДІ:»*

*«Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігінің Жамбыл облысы ішкі істер департаментінің Сарысу аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы Б. Нүркенов*

*08 мамыр 2009 жыл*

*«Жамбыл облысы Жаңатас қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е. Абдуллаев*
*08 мамыр 2009 жыл*

Сарысу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 мамырдағы № 102 қаулысына 1-қосымша

**2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы ұйымдардың тізбелері**

1. «Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
2. «Сарысу ауданы Байқадам ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
3. «Сарысу ауданы Жайылма ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
4. «Сарысу ауданы Жаңаталап ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
5. «Сарысу ауданы Игілік ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
6. «Сарысу ауданы Тоғызкент ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
7. «Сарысу ауданы Жаңаарық ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
8. «Сарысу ауданы Қамқалы ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
9. «Сарысу ауданы Досбол ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
10. «Сарысу ауданы Түркістан ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
11. «Жамбыл облысы Жаңатас қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
12. «Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігінің Жамбыл облысы ішкі істер департаментінің Сарысу аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
13. «Сарысу ауданы әкімиятының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
14. «Сарысу ауданы әкімиятының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
15. «Сарысу ауданы әкімиятының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
16. «Сарысу ауданы әкімиятының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
17. «Сарысу ауданы әкімиятының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

18. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарысу ауданы әкімиятының « Көгалдандыру және көріктендіру кәсіпорны» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

19. «Сарысу ауданы әкімиятының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі;

20. Сарысу ауданы әкімиятының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сарысу сулары» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Сарысу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 мамырдағы № 102 қаулысына 2-қосымша

**2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс**

| № | Жұмыстардың түрлері | Көлемі мен нақты жағдайлары | Қаржыландыру көздері, еңбегіне төленетін ақының мөлшері (адам басына) | Сұра-ныс | Ұсы-ныс |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ауылдық аймақтардың аумақтарын тазалау жұмыстары | 1) Арық тазалау - 65 шақырым (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай; 2) Күл-қоқыс шығару - 2500 тонна (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай | 20205 теңге аудандық бюджет | 180 | 180 |
| 2 | Саябақтарды көгалдандыру және көріктендіру | 1) Гүл егу және оны күту - 100 шаршы метр (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай; 2) Тал отырғызу және оны күтіп баптау - 150 шаршы метр (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай | 13470 теңге аудандық бюджет | 25 | 25 |
| 3 | Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек | Құжаттарды компьютерде теріп, шығару - қажеттілігіне сәйкес (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай | 15000 теңге аудандық бюджет | 20 | 20 |
| 4 | Жаңатас қаласында | Қаладағы бекітілген аймақтарды тазалау | | 78 | 78 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу | - қажеттілігіне сәйкес (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай | 15000 теңге аудандық бюджет | | |
| 5 | Әскерге шақыру кезіндегі ұйымдасқан шараларды орындау үшін көмек көрсету | Әскерге шақыру қағаздарын тарату - қажеттілігіне сәйкес (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай | 15000 теңге аудандық бюджет | 2 | 2 |
| 6 | Тұрғын үйлерді күрделі жөндеу және құрылыс жұмыстарына қатысу | Аудандағы тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жұмыстарына қатысу - 200 шаршы метр (жалпы көлемі), күніне 7 сағат, 6 ай | 25000 теңге аудандық бюджет | 15 | 15 |
| | Барлығы | | | 320 | 320 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК